



## Орда Гүлжанан Жұмабердіқызы

1992 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің филология факультетін бітіргеннен бері М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында тұрақты жұмыс істейді. 1996 жылы «Қошке Кеменгерұлының әдеби мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық, 2010 жылы «Мұсілім Базарбаев зерттеулері және әдебиеттану ғылыминың мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертация корғады.

Ол 1992-2012 жыл аралығында «Алаштың бір ардағы» (1998), «Көркем ойдың құдіреті» (2008), «Мұсілім Базарбаев зерттеулері және әдебиеттану ғылыминың мәселелері» (2010) атты зерттеу еңбектер жазып, «Қазақ әдебиеті» (1997), «Казахская литература» (1998), «Қазақ журналдарындағы әдебиет және өнері» (1998), «Мұсілім Базарбайұлы Базарбаев» (2007), «Серік Смайылұлы Қирабаев» (2007), «Бақытжан Қаясханұлы Майтанов» (2012) сынды библиографиялық көрсеткіштерді құрастырды.

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жасалған 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық еңбектің кеңестік дәүрі әдебиетін зерттеуге арналған 7, 8, 9 (2004-2006) томдарының және «Қазақ әдебиеттану ғылыминың тарихы» (2008) атты ұжымдық еңбектердің негізгі авторларының бірі. Бұл еңбектерде Қошке Кеменгерұлы, Фали Орманов, Дихан Әбілев, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев сынды қаламгерлердің және казақ әдебиеттану ғылыминың ардагерлері Серік Қирабаев, Мұсілім Базарбаев, Әбділхамит Нарымбетовтердің өмірі мен шығармашылығы тәуелсіздік түрғысынан жаңаша зерттелді.

Гүлжанан ОРДА

СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

